

Бекітемін:
Мектеп директоры
Г.Т.Сергазинова

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ - сiнiң мектепке дейiнгi тәрбие және оқыту ұйымының тәрбиешiсi **Кожухметова Жазира Муратовнаның**

1. Лауазымдық мiндеттерi:

балалардың өмiрi мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етедi, оларды тәрбиелеу мен оқытуда денсаулық сақтау технологияларын қолданады;
мемлекеттік жалпыға мiндеттi бiлiм беру стандартының талаптарына, мектепке дейiнгi тәрбие мен оқытудың үлгiлiк оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметiнiң кестесiне сәйкес педагогикалық процестi жүзеге асырады;
режимдiк сәттердi (таңертеңгi қабылдау, таңертеңгi гимнастика, күн iшiнде тамақ iшу, балалар iс-әрекетiн (ойын, шығармашылық, танымдық, қозғалыс, бейнелеу, еңбек, эксперименттiк, дербес және өзге), серуендеудi, күндiзгi ұйқыны, жеке жұмысты, сауықтыру iс-шараларын ұйымдастырады және өткiзедi, заттық-дамытушылық ортаны құрады) басқарады;
балалармен жұмыс жасауда тұлғаға бағытталған тәсiлдi жүзеге асырады;
дамуында ауытқулары бар балалармен түзету қызметi саласындағы мамандарға көмек көрсетедi, мектепке дейiнгi тәрбие мен оқытудың үлгiлiк оқу бағдарламасын, оқу-әдiстемелiк әдебиеттi зерделеу негiзiнде және топ балаларының жеке бiлiм беру қажеттiлiктерiн ескере отырып, тәрбие-бiлiм беру процесiн жоспарлайды;
қол жеткiзiлген нәтижелердi талдау негiзiнде бiлiм беру қызметiн жобалайды;
мектепке түсу кезiнде бiрдей бастапқы мүмкiндiктердi қамтамасыз ету үшiн бiлiм беру ортасына ерекше бiлiм берiлуiне қажеттiлiгi бар балаларды әлеуметтендiрудi жүзеге асырады;
мамандардың ұсынымдарын ескере отырып, ерекше бiлiм берiлуiне қажеттiлiгi бар әрбiр балаға жеке қарауды қамтамасыз етедi;
мектепке дейiнгi ұйымда өткiзiлетiн iс-шараларға (кеңестер, педагогикалық және әдiстемелiк кеңестер, конкурстар және басқалар) қатысады;
отандық және шетелдiк тәжiрибенi зерттеу негiзiнде үздiк тәжiрибелердi зерделеумен, жинақтаумен, таратумен және енгiзумен айналысады;
мектепке дейiнгi жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелерi бойынша ата-аналарға консультациялық көмектi жүзеге асырады.

2. Бiлуге тиiс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Бiлiм туралы", "Педагог мәртебесi туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы iс-қимыл туралы" заңдары және Қазақстан Республикасының бiлiм берудi дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтiк құқықтық актiлерi;
мемлекеттік жалпыға мiндеттi бiлiм беру стандарты;
мектепке дейiнгi тәрбие мен оқытудың үлгiлiк бағдарламасының мазмұны мен құрылымы;
педагогикалық этиканың нормалары;
психология және педагогика, дәрiгерге дейiнгi алғашқы медициналық көмек көрсету ережелерi, еңбек қауiпсiздiгi және еңбектi қорғау ережелерi, санитариялық ережелер;
мектепке дейiнгi тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру жөнiндегi нормативтiк-құқықтық құжаттар;
еңбек заңнамасының негiздерi, iшкi еңбек тәртiбiнiң, еңбек қауiпсiздiгi және еңбектi қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

Кәсiподақ ұйымының төрағасы

Таныстым




Е.Байкалган

Ж.М.Кожухметова